

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ТІЛ БІЛІМІ



ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ТІЛ БІЛІМ

- Жоспары
- Ежелгі үнді тіл білім
- Санскрит
- Ежелгі үнді білімінің морфологиясы
- Қорытынды
- Қолданған әдебиеттері

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ТІЛ БІЛІМІ

- (орыс. древнеиндийское языкознание) — Үнділерден бізге жеткен зерттеулер б. з. д. 5 ғасырдан басталады. Үнділердің өте ерте дәуірден сақталған аңыздардан, гимндерден, діни жырлардан құралған "Веда" деп аталатын жазба ескерткіштері (б. з. д. 6 ғасыр). Олардың ең көне түрі "Ригведа" санскритке жатады. Санскрит — сол кездегі брахмандардың, ғалымдар мен шайырлардың өнделген, қолданылуы заңдастырылып қағидаға айналған, нормативті әдеби тілі. Ол халықтың ауызекі сөйлеу тілі пракритке қарама-қарсы қойылып зерттелген. Үнділер қасиетті, киелі деп санаған бұл "киелі" жырлар тілінде үнділерге мағынасы түсініксіз көптеген сөздер, сөйлемшелер болған. Соларды айқындау және "Веда" тілін сөйлеу тілі әсерінен қорғау, оның айтылу мәнерін, беретін түсінігін өзгеріссіз сақтау мақсатымен "Веданың" тілін зерттеген. Өз кезі үшін айтарлықтай жақсы, жан-жақты зерттелген мәселелер қатарына ғалымдар фонетика мен морфологияны жатқызады. Бұлар жөніндегі зерттеулер үнділердің атакты лингвисті Яска мен Панини жазған еңбектер арқылы біздің заманға жеткен. Яска (б. з. д. 5 ғасыр) "Веда" тілінің бес томдық сөздігін жасап, түсінік берген. Панинидің (б. з. д. 6 ғасыр) жазған "Аштадхьян" (грамматикалық ережелердің сегіз бөлімі) деген еңбегінде төрт мындай грамматикалық ереже берілген. Панини "Веда" жыры тілінің дыбыстық жүйесін, сөзжасам, сөз өзгерту жолдарын жан-жақты зерттеген. Зерттеушілердің айтуынша, Панини еңбегі — тіл білімі тарихындағы біздің дәуірге жеткен тұнғыш сипаттама грамматика. Ол санскрит тілінің грамматикасы деп те аталады. Мұнда сөздер тапқа, түбірге, түрлі қосымшаларға бөлініп қарастырылған.

Ежелгі Үнді тіл білімі

Яски

«Веда» тілінің
бес томдық
сөздігін жасап,
түсінік берді

есім

етістік

предлог

демеулік

Панини


көне әдеби тілінің және «Веда»
жыры тілінің дыбыстық
жүйесін, сөзжасам, сөз өзгерту
жолдарын зерттеді;
тіл білімі тарихындағы біздің
дәуірге жеткен тұңғыш
сипаттама грамматика \\
санскрит тілінің
грамматикасы

-
- Үнділер тілдегі барлық сөздерді есім, етістік, предлог, демеулік деп төрт топқа бөлген де, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған. Етістіктің шаққа бөлінуі, есімдерде жеті түрлі септік жалғаудың барлығы, т. б. көптеген грамматикалық мәселелер өте дәлдікпен шешілген. Үнділер синтаксис мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеген.

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ТІЛ БІЛІМІДЕ МОРФОЛОГИЯСЫ

- Ежелгі үнді тіл біліміде морфологиядан кейінгі көп зерттелген сала — фонетика. Фонетика ежелгі заман тіл білімінің ешқайсысында Үндістандағыдай зерттеудің жоғарғы сатысына көтеріле алмаған. Дыбыстардың физиологиялық сипаттары, сөйлеу органдарының тіл дыбыстарын жасаудағы артикуляциясы, дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып кездесетіндіктері, олардың себептері жан-жақты және дұрыс сөз етілген

Ежелгі Үнді тіл білімі



САНСКРИТ

- Санскрит мәтіндерін жазуда бірнеше әліпбилер үлгілерін пайдаланған. Олардың ең ежелгі түрі брахми әліпбиі (б.з. дейінгі III ғ. Жататын ескерткіштер тілі) және б.з. Санскрит VII-VIII ғғ. Көбінесе қолданылған девангари әліпбиі. «Девангари» сөзі жазу, пайдалану, құдайлар қаласындағы жазу деген мағнаны береді. Ертеден санскрит ғұламалардың ғылымды зерттеу нысанына айналғандығын қазіргі замандағы зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен табамыз.
- Үнді брахмандары санскритті өзге дін өкілдерінен мейілінше құпия ұстаған екен. Десе де, осы тілдегі әдебиетке ең бірінші назар аударғандар мұсылмандар болған. Бұл жайында М.Бұлытай: Мұхаммед Әбу Райхан әл-Бирұни (973-1048). Араб, парсы, түркі, үнді, санскрит, грек, ибрани (иврит), арами, сұрия тілдерін өбден меңгерген әл-Бирұни көптеген жылдар бойы Үндістан жерін аралап, ондағы халықтардың діни нанымдарын зерттеген. Әл-Бирұни «Китабұт тахқиқ мә ли-л-Һинд» (Үндістандағы зерттеулер туралы кітап) және «Китабұ Батенжел әл-Һинди» (Үндістанның Патанжали кітабы) атты еңбектерінде үнді халықтарының діни ұстанымдары мен қоғамдық өмірі туралы құнды мәліметтерді оларды кемсітпей, төмендетпей келтіреді, - деп жазады. Бирұни сол замандағы Үнді елінің ғұрыптары, ілім-білімі, діні мен пәлсәпәсінөн маңызды ақпараттар беретін еңбектерінде санскритке: «Бұл тілдің сөздік қоры мен сөзді тиянақтау өресі аса бай, ...бір заттың бірнеше атауы бар әрі бір ғана атаумен бірнеше затты атайды, ... оның нақтылы мағынасын контекст арқылы түйсіну қажет», (С.М.) - деген сипаттама береді.
- Санскрит әдебиетіне Ұлы Моғол әулетінің билеушісі Акбардың (1542-1605) қызығушылығы арқасында, ол ел басқарған кезеңде мұсылман діні мен үнділердің дінін үндестіре синтетикалық дінді қалыптастыруды мақсат тұтты. Акбардың жақын досы, тарихшы Әбул-Фазыл (1540-1615) санскритті жақсы білген. Акбардың қалауымен ғұлама Бадауни (1540-1615) санскрит тіліндегі Махабхаратуды парсы тіліне аударды. Акбардың шөбересі сұлтан Дара Шукох (1615-1659) санскрит мәтіндерін аударуға аса мән берген. Мистикалық софилық ілімін жақтаушы Дара Шукох Құдай жолында Ислам мен Үнді дүниетанымы тең деп қарап, «Екі мұхиттың қосылысы» деген тақырыпта трактат арнады.

-
- . Ежелгі үнді тіл білімінің тарихын сөз ете келіп, В. Томсен: "Үндістан тіл білімінің көтерілген биігі ерекше. Бұл биікке, көп нәрсені үнділерден үйрене түрса да, еуропалық тіл білімі 19 ғасырға дейін көтеріле алмады",— деп жазады.

-
- Шынында да, үнділер тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан. Тіл фактілерін зерттеуде олар синтетикалық тәсілді де қолданған. Сол арқылы тілдік элементтердің өзара ұқсастығын және бір-бірінен өзгешеліктерін айқындаған.
 - Кейінгі дәуірлерде Үндістанда Панини грамматикасының мән-мағынасын талдап түсіндірген, оның жолын ұстанған бірнеше лингвист ғалымдар болған

ҚОЛДАНҒАН ӘДЕБИТТЕР

- В. Томсен. История языкознания до XIX века. М., 1938
- Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ

